ЕҚЫҰ

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
Астанадағы Орталығы

1992 жылы Бұрынғы Кеңес Одағының тәуелсіздігін жаңа алған барлық мемлекеттері, соның ішінде Қазақстан да Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңеске (ЕҚЫК) қосылды (ЕҚЫҰ сол кезде осылай аталатын еді). Кеңеске ену сәтінде Орталық Азияның бес жас мемлекетіне тәуелсіздігін алғаннан кейін және өтпелі кезең барысында туындаған көптеген мәселелерді шешу қажет еді. Уақыт өте келе, ЕҚЫК, кейіннен ЕҚЫҰ-ның аймақтағы іс-әрекеттері кеңейіп, ұйым Орталық Азияның бес елінің әрқайсында өз өкілдіктерін ашты.

АСТАНАДАҒЫ ЕҚЫҰ ОРТАЛЫҒЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ОРТАЛЫҚТЫҢ МАНДАТЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы үкіметінің елде ЕҚЫҰ қызметін қарқындату дайындығын қолдай отырып, ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесі 1998 жылдың 23 шілдесінде ЕҚЫҰ-ның Алматы қаласындағы Орталығын құру жөнінде №243 шешімді қабылдады.

Осы шешімде қауіпсіздік пен тұрақтылықтың экономикалық, экологиялық, адами және саяси аспектілерімен қоса, аймақтық тұрғыда ерекше назар аудара отырып, ЕҚЫҰ барлық үш классикалық өлшемін қамтитын, Орталықтың бірінші мандаты бекітілген болатын.

Орталық Алматы қаласында өз жұмысын 1999 жылдың қаңтар айында бастады. Астана қаласында 2003 жылдың наурыз айында Байланыс жөніндегі кішігірім кеңсе құрылды.

Қазақстан астанасында Орталық жұмысының көлемінің ұлғаюына және мемлекеттік органдармен және басқа да әріптестермен байланысты күшейту қажеттілігіне байланысты, 2007 жылдың 21 маусымында ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесі миссияның атын Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығы деп өзгертуге шешім қабылдады. Бүгінгі таңда Орталықтың бас кеңсесі Астана қаласында орналасқан, бірақ сонымен қатар Алматы қаласында да Байланыс жөніндегі кеңсе жұмыс жасайды.

Орталықты Елші, Орталық Басшысы басқарады, оған оның орынбасары, төрт халықаралық қызметкер, сондай-ақ әскери-саяси, экономикалық және экологиялық салаларға қатысты мәселелер бойынша маманданған және адами өлшеміне байланысты ұлттық сарапшылар көмектеседі.

Тұрақты Кеңес шешіміне сәйкес, ЕҚЫҰ Орталығы ережелері жыл сайын қайта қарастырылып тұратын, кең ауқымды мандатқа ие. Мадридтегі ЕҚЫҰ-ның Министрлер Кеңесінің 2007 жылғы шешімі Қазақстандағы Орталық қызметі үшін жаңа мүмкіндік ашады. Қазіргі мандат 2008 жылдың қарашасында расталған және ұзартылған, онда келесі міндеттер қамтылған:

- ЕҚЫҰ шеңберінде және ұйым қағидаларын іске асыру міндеттемелерін орындау үрдісінде қолдауды, сондай-ақ ЕҚЫҰ барлық өлшемдерінде аймақтық қызметтестікке ерекше назар аудара отырып, ЕҚЫҰ құрылымында Қазақстан қызметін қолдауды қамтамасыз етеді;

- Аймақ елдеріне ЕҚЫҰ делегацияларының сапарлары мен аймақтық семинарлармен қоса, ЕҚЫҰ аймақтық шараларын, сондай-ақ ЕҚЫҰ қатысуымен басқа да шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

- Билік органдарымен, академиялық қауымдастықпен және азаматтық қоғам өкілдерімен байланысты орнатады және қолдайды;

- Қазақстан Үкіметіне мемлекеттік қызметкерлерге арналған тренингтер өткізу және ЕҚЫҰ бөлімдері мен мемлекеттік институттар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету арқылы ЕҚЫҰ қызметі туралы білімін арттыру бойынша көмек көрсетеді;

- Қазіргі қызмет етуші Төрағамен, Бас Хатшымен және ЕҚЫҰ институттарымен қойылған және Қазақстан Үкіметімен келісілген басқа да бірқатар міндеттерді шешеді.

Өз мандатына сәйкес, Орталық қабылдаушы елмен және ЕҚЫҰ институттармен тығыз консультациялар аясында жасалатын бағдарламалар бойынша Жылдық Жоспар негізінде қызметін жүзеге асырады.

Орталық Қазақстанға ЕҚЫҰ қағидалары мен құндылықтарын дамытуға қолдау көрсетеді, ЕҚЫҰ аймақтарында қауіпсіздік және сенім шараларын, ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес адам құқықтарын іске асыру және транспарентті экономикалық және экологиялық саясатын күшейтуге жағдай жасайды.

Орталық Қазақстан Республикасының қонақжайлылығын және ашық диалог, әріптестік және өзара құрметке негізделген, барлық деңгейлердегі билікпен және азаматтық қоғаммен жақсы қызметтік қарым-қатынастарын бағалайды.

ӘСКЕРИ-САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Орталық сенімді және қауіпсіздікті күшейту, лаңкестікпен күрес, шекаралар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарын дамытуға атсалысу бойынша шаралар саласында үздіксіз қызмет етіп келеді. Осы шарттардың аймақтық деңгейде тиімділігін арттыру мақсатында Орталық ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы басқа миссияларымен қызметтестік жасайды.

Орталық қызметі Қақтығыстарды болдырмау жөніндегі орталық, Полиция қызметінің стратегиялық мәселелері жөніндегі бөлім (ПҚСМБ), Лаңкестікке қарсы бөлім сияқты ЕҚЫҰ Хатшылығының сәйкес бөлімшелерімен және ЕҚЫҰ басқа да мамандандырылған институттары мен бөлімшелерімен үйлестіріледі және қолдау жасалады.

Орталық Қазақстанға Веналық 1999 жылғы құжат, Қарапайым қарулану туралы ақпаратпен алмасу және ЕҚЫҰ жеңіл және атқыш қарулар туралы Құжаты сияқты ЕҚЫҰ құжаттарына сәйкес сенімді және қауіпсіздікті күшейту бойынша шараларды дамытуға қолдау көрсетуін жалғастырып келеді. Соңғы уақытта Орталық Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен ЕҚЫҰ Хатшылығымен бірлесе отырып, жоғарыда аталған құжаттар бойынша әскери қызметкерлерге арналған бірқатар тренингтерді ұйымдастырды. 2009 жылы Веналық 1999 жылғы Құжат бойынша оқу семинарын және Жеңіл және атқыш қаруды, сондай-ақ қарапайым оқ-дәрілердің қорларын тиімді басқару және қауіпсіз сақтау жөніндегі аймақтық конференцияны өткізу жоспарланған.

Қазақстанның Ішкі істер министрлігімен қызметтестік жасай отырып, Орталық ЕҚЫҰ ПҚСМБ-мен бірлесе отырып, Қазақстан полициясына жәрдем беру жобасын әзірледі. Аталмыш жобаның басты мақсаты полицияны ары қарай демократияландыру, учаскелік полиция қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру, сондай-ақ полиция жұмысына қоғамдық бақылауды енгізу болып табылады.Сонымен қоса, Орталық наркотрафикпен күрес, лаңкестікпен және ұйымдасқан қылмыспен күрес мәселелері жөніндегі құқық қорғау органдарымен қызметтестік етеді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және шекараларды басқару мәселелері бойынша Орталық Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйыммен, Еуропалық Комиссияның Орта Азиядағы шекараларды басқару жөніндегі Бағдарламасымен, сондай-ақ Қазақстанның Шекаралық қызметімен бірлесіп жұмыс жасайды. Осы қызметтестік шеңберінде 2007 жылдан бастап Орталық Қазақстан шекарашылары үшін бірқатар жылдық мамандандырылған тренингтерді өткізуге қолдау көрсетеді.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Жақсы оңтайластырылған экономика мен қоршаған ортаны қорғауға кешенді тәсіл қолдану тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды және әлеуметтік шиеленістің туындау тәуекелін төмендетуді қамтамасыз етудің маңызды факторлары болып табылады. Экономикалық және қоршаған ортаны қорғау тұрғысында Орталық өз қызметін басқару сапасын арттыруға және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге жұмылдырды.

Экономикалық салада Орталық халықаралық стандарттар мен ұсыныстарға сәйкес лаңкестікті қаржыландыру және ақшаны жылыстатумен күрестің заңнамалық және қаржылық базасын дамытуға баса назар аударады. Маңыздылығы жағынан екінші мәселе – сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет. Бұл салада Орталық ««2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын» іске асыруға дайындау және оқыту, заңи көмек көрсету, алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибемен танысу тұрғысында, сондай-ақ қазақстандық сарапшыларға жұмысқа қатысуға халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымдарды тарту тұрғысында көмек көрсетеді. Орталық сонымен қоса, Қазақстанға көші-қонды басқару саласында көмек көрсетеді және кеден процедуралары мен көлік желілері саласында аймақтық қызметтестікті дамытуға жағдай жасайды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында Орталық халықаралық табиғатты қорғау конвенцияларын іске асыруда, атап айтқанда трансшекаралық табиғатты қорғау қызметтестігі мен табиғатты қорғау ақпаратына қол жетімділік, қоғамның қатысуы, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде сот төрелігіне қатысу мүмкіндігін қатысында қолдау көрсетеді. Орталық су ресурстарын бірлесіп пайдалану және қоршаған ортаға әсерді бағалау саласында қызметтестікті жақсартуға бағытталған, Қазақстан және Қырғызстанның бірлескен эксперименттік жобаларын белсенді түрде қолдайды. Қазіргі таңда Қазақстанның көптеген аймақтарында нақты жағдайларда кеңінен қолданылатын, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қоғамдық істерді тыңдауды өткізуге арналған директивалар мұқият әзірленген.

Орталық қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде, мысалы, тұрақты дамуды үйретуге арналған оқу жоспарларын жоғары білім жүйесіне енгізу арқылы, сондай-ақ Арал және Каспий маңы аймақтарының жасөспірімдеріне арналған жазғы курстарды ұйымдастыру арқылы халықтың білім деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар жобаларды іске асырды.

Әсіресе, Семей аймағында радиологиялық қауіпсіздік саласында мәліметтілік деңгейін арттыруға баса назар аударылады.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

Адам құқығын құрметтеу демократиялық қоғамды дамытудың және қауіпсіздік пен тұрақтылықты дамытудың маңызды алғышарты болып табылады. Азаматтардың өз құқықтарын білуі және оларды қорғай алуы үшін олардың білім деңгейін арттыру және қоғам назарын білім жүйесі аясында, сондай-ақ басқа да институттар арқылы адам құқығы мәселелеріне аударту қажет.

ЕҚЫҰ Орталығы сотта бақылау жүргізу және жергілікті әріптестермен тұрақты байланысты жүзеге асыру арқылы елде адам құқықтарымен жағдайлардың мониторингін жүргізеді. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясымен, ҚР Сыртқы істер министрлігімен, ЕҚЫҰ Бішкек қаласындағы академиясымен, бірқатар университеттермен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, ЕҚЫҰ Орталығы адами өлшемі саласында ЕҚЫҰ міндеттемелері туралы және Орталықпен жүзеге асырылатын шаралар мен жобалар туралы ақпаратты ұсынады.

Орталықтың адами өлшемі саласындағы жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі Қазақстанның адам саудасымен күрес жөніндегі күш салуын қолдау болып табылады. ДИАҚБ/ЕҚЫҰ-мен қызметтестік жасай отырып, Орталық мемлекеттік органдар өкілдерінің, депутаттардың және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен осы мәселе бойынша дөңгелек үстелдер сериясын өткізді. Сонымен қоса, ЕҚЫҰ Орталығы құқық қорғау органдары мен үкіметтік емес секторлардың өкілдері үшін адам саудасымен күрес мәселесі жөнінде бірқатар тренингтер өткізді. Адамдар саудасы құрбандарын анықтау, осы санаттағы істерді тергеу және адамдар саудасы мәселелерін шешуде негізгі болып табылатын мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Орталық қызметінің басқа басты бағыттарының қатарына азаматтық қоғам құрылымын күшейту және атап айтқанда, жергілікті құқық қорғау ұйымдарын қолдау болып табылады. Қазақстанның адам құқығы саласында негізгі халықаралық құжаттарды, соның ішінде 2005 жылы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялаған соң, Орталық бірқатар шаралар арқылы Қазақстанның осы халықаралық шарттардың ережелерін орындауына жағдай жасайды.

САЙЛАУ ҮРДІСТЕРІ

Ашық және транспарентті сайлау – саяси жүйеге сенімді арттыруға қабілетті демократиялық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, саяси партияларымен және азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз қызметтестік жасай отырып, Орталық Қазақстанға ЕҚЫҰ-ның осы саладағы стандарттарын іске асыруға көмектеседі.

2007 жылғы парламенттік сайлауларының қарсаңында Орталық болашақ сайлаушыларға арналған басшылық пен сайлау үрдісін баяндау жөніндегі журналистерге арналған басшылықты жариялау және сайлаудың жергілікті бақылаушыларына арналған тренинг-семинарларымен қоса, сайлау тематикасына бірқатар шараларды өткізуге жағдай жасады.

Бұл ДИАҚБ/ЕҚЫҰ құзіретіне жататындықтан және Сайлауды бақылау бойынша миссия шеңберінде жүзеге асырылатындықтан, Орталықтың тікелей сайлауға қатыспауына қарамастан, Орталық ДИАҚБ/ЕҚЫҰ және Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы арасындағы ынтымақтастықты қолдайды.

Бұл ынтымақтастық негізінен ДИАҚБ/ЕҚЫҰ ұсыныстары мен ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау саласындағы міндеттері мен стандарттарына сәйкес Қазақстанның сайлау заңнамасын реформалауға бағытталған.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ

Орталық тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға және Қазақстанда сөз бостандығын қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Ол ЕҚЫҰ-ның БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі Өкіліне осы саладағы болып жатқан оқиғаларды бақылауға және журналистердің өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруы кезінде ұшырасатын проблемаларға әрекет етуге көмектеседі.

Қазақстандағы қызметі басталысымен-ақ, Орталық ЕҚЫҰ-ның БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі Өкілімен және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен тығыз қызметтестік жасайды. Орталық халықаралық стандарттарға сәйкес БАҚ саласындағы қазақстандық заңнаманы дамытуға қолдау көрсетеді, сондай-ақ қажеттілігіне қарай құқықтық сараптамалар жүргізуге атсалысады.

Сонымен қатар, Орталық жас журналистер үшін медиялық және еңбек заңнамасы бойынша шебер-кластарын, заңнамалық орган жұмыстарын баяндау, журналистика әдістері және Интернетті ақпараттық ресурстар ретінде пайдалану жөніндегі тренингтермен қоса, журналистерге арналған кәсіби курстарды ұйымдастыруға көмектеседі.

ЕҚЫҰ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ҚЫЗМЕТТЕСТІК

Орталық ЕҚЫҰ Қазіргі қызмет етуші Төрағасына, сондай-ақ Хатшылыққа, Парламенттік Ассамблеяға, ДИАҚБ/ЕҚЫҰ, ұлттық азшылық істері жөніндегі Жоғарғы комиссарға және ЕҚЫҰ-ның БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі Өкіліне қолдау көрсетеді. Орталық осы институттардың әртүрлі іс-шараларды өткізуіне жағдай жасайды, кеңестер ұсынады және олардың өкілдерінің Қазақстанға сапарлары барысында ұйымдық қолдауды қамтамасыз етеді. Мұндай қызметтестік ЕҚЫҰ барлық өлшемдері мен салаларын қамтиды.

ЖЕРГІЛІКТІ ӘРІПТЕСТЕРМЕН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ҚЫЗМЕТТЕСТІК

Орталық мемлекеттік құрылымдарымен тығыз байланыс жасай отырып, елдегі ЕҚЫҰ-ның міндеттерін іске асыру және стандарттарын дамытуға жағдай жасайды. Осы жұмыстар ауқымында негізгі әріптес Сыртқы істер министрлігі болып табылады. Алайда Орталық басқа да министрліктер мен ведомстволармен, сондай-ақ Парламентпен, Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл Кеңсесімен және басқа да мамандандырылған органдармен, Орталық сайлау комиссиясымен, Ұлттық экологиялық орталықпен және ҚР президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық Комиссиямен де тығыз байланыс жасап тұрады.

Орталық сонымен бірге үкіметтік емес ұйымдардың көптеген топтарымен, соның ішінде экология және адам құқығын қорғау саласындағы ұйымдармен тығыз қызметтестік етеді. Ол өз қызметін Қазақстанда өкілденген ЕҚЫҰ қатысушы-елдерінің дипломатиялық миссияларымен, сондай-ақ Еуропалық Одақ және БҰҰ сияқты, халықаралық құрылымдармен үйлестіреді. Мәселелерді шешу үкіметаралық деңгей тұрғысынан талап еткенде, Орталық ЕҚЫҰ аймақтағы басқа орталықтарымен бірлесіп аймақтық қызметтестікті дамытуға жағдай жасайды.

БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

ЕҚЫҰ Астанадағы Орталығы
Бейбітшілік көш., 10
010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы
Телефон: +(7-7172) 32-68-04, 59-19-53/54/55
Факс: +(7-7172) 32-83-04
Веб-сайт: www.osce.org/astana

Алматыдағы Байланыс жөніндегі Кеңсе
Төле би көш., 67
050000, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Телефон: +(7-727) 279-37-62, 279-36-86
Факс: +(7-727) 279-43-88